

Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасауды жандандыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 желтоқсан N 1538

Бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, сұраныс пен ұсыныстың шоғырлануын қамтамасыз ету, биржалық әділ бағаларды қалыптастыру және осы негізде ел экономикасы жай-күйінің көрсеткіші ретіндегі қор индексінің есеп айырысуына қол жеткізу, бағалы қағаздар нарығына стратегиялық инвесторларды тарту, бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу рәсімін жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

қ а у л ы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 мамырдағы N 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасын орындау жөніндегі 1996-1997 жылдарға арналған қоса беріліп отырған шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесе отырып:

а) 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін бағалы қағаздармен, оның ішінде мемлекеттік эмиссиялайтын, ұйымдасқан сауданы жүзеге асыру арқылы бағалы қағаздар нарығының мамандандырылған жүйесі болып табылатын қор биржасын айқындау ж ө н і н д е тен дер ө т к і з с і н ;

ә) үстіміздегі жылдың 20 желтоқсанына дейін өнеркәсіптің базалық және басқа салаларының, банктерді қоса, акцияларының мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін;

б) жоғарыда аталған тізбеге кірген әрбір акционерлік қоғамның жалпы жиналысына өз шоттарының жоспарын бухгалтерлік есеп жүргізудің қазақстандық жаңа стандарттарына конверсиялау және 1996 жылға арналған кең көлемді аудит жүргізу үшін халықаралық аудиторлық фирмалардың арасында тендер өткізуді ұсынсын. Аудит нәтижелері бойынша тізбедегі акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздары белгіленген талаптарға сәйкес, 1997 жылдың бірінші жарты жылдығында қор биржасының л и с т и н г і н е е н г і з і л с і н ;

в) аудит аяқталғаннан кейін бір ай мерзім ішінде аталған кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қор биржасына кезендік қою кестесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылдың 1 ақпанына дейін аталған акционерлік қоғамдар үшін бухгалтерлік есеп жүргізудің қазақстандық жаңа стандарттарын енгізу бағдарламасын (тетіктер мен р ә с і м д е р) ә з і р л е с і н .

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы:

а) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлейтін елдің бірыңғай төлем жүйесінің жалпы тұжырымдамасы шеңберінде бағалы қағаздар бойынша депозитарлық-есеп айырысу жүйесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

бірқатар сенімді ірі банктердің еншілес ұйымдарын корпоративтік бағалы қағаздар ұстаушылар тізімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру тәртібін қ а б ы л д а с ы н ;

ә) 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтердің жекелеген түрлерін біріктіру мүмкіндіктері туралы ереже қабылдасын.

5

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.05.11. N 558

қ а у л ы с ы м е н . Р 9 9 0 5 5 8 _

6. "Орталық депозитарий туралы, бағалы қағаздар ұстаушылар

тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет туралы, кастодиалдық қызмет туралы Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 қаулысының 2, 3, 4-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

7. Зейнетақыны реформалау жөніндегі жұмыс тобы жекешелендіруден түскен қаржыларды жаңа зейнетақы жүйесіне көшуді қаржыландыру үшін пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 14 желтоқсандағы
N 1538 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасында Бағалы қағаздар нарығын
дамыту бағдарламасын орындау жөніндегі 1996-1997
жылдарға арналған шаралар жоспары

N	Шаралар	Орындау	Жүзеге	Орындауға
p/c		мерзім.	асыру	жауаптылар
		дері	нысаны	

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1. Өнеркәсіптің базалық және басқа салаларының 1996 жылғы Премьер- 20 желтоқ. Бағалы қағаздар және басқа салаларының 20 желтоқ. Министрдің жөніндегі ұлттық банктерді енгізе отырып санға өкімі комиссия, акцияларының мемлекеттік дейін Меммүліккомы, пакеттерінің бір бөлігі Қаржымині, қор биржасында сатылатын Жекешелендіру шаруашылық жүргізуші мемкомы, Экономмині субъектілердің тізімін айқындау

2. Өнеркәсіптің базалық және басқа салаларының аудит аяқталған. Бұл да Меммүліккомы, және басқа салаларының аяқталған. сол Бағалы қағаздар банктерді енгізе отырып, нан кейін жөніндегі ұлттық акционерлік қоғамдары бір ай комиссия, акцияларының мемлекеттік мерзімде Жекешелендіру пакеттерін қор биржасы мемкомы, Экономмині арқылы сату кестесін жасау

3. Өндірістің базалық және 1997 жылғы АҚ жалпы Бухесеп жөніндегі басқа салаларының қаңтар жиналыс. ұлттық комиссия, акционерлік қоғамдарының тарының келісілген тізім тізбесіне енген шешімі бойынша АҚ, Бағалы кәсіпорындарды бухгалтердің қағаздар жөніндегі халықаралық стандарттарына ұлттық комиссия ауыстыру және аудит жүргізу үшін халықаралық аудиторлық фирмалар арасында тендер өткізуді ұйымдастыру

4. Қазақстан Республикасының "- " Бірлескен Бағалы қағаздар

Ұлттық Банкі жасайтын елдің бірыңғай төлем жүйесінің жалпы тұжырымдамасы шеңберінде бағалы қағаздар бойынша депозитарлық-есеп айырысу жүйесін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар енгізу	қаулы жөніндегі ұлттық комиссия, Ұлттық Банк (келісім бойынша)
---	--

5. Бағалы қағаздармен, оның ішінде мемлекет эмиссиялайтын, ұйымдасқан сауда жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының алғашқы мамандандырылған институты болып табылатын қор биржасын айқындау жөнінде тендер өткізу	1996 жылғы Тендерлік желтоқсан комиссия. жөніндегі ұлттық ның комиссия, шешімі Меммүліккомы, Жекешелендіру жөніндегі мемкомы, Экономмині, Қаржымині Ұлттық Банк
--	---

6. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтердің жекелеген түрлерін біріктіру туралы Ереже қабылдау	"-" БҚҰК Бағалы қағаздар қаулысы жөніндегі ұлттық комиссия, Ұлттық Банк (келісім бойынша)
---	---

7. Брокерлік-дилерлік қызметтерді лицензиялау туралы Ереженің жеке капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар бөлігіне өзгерістер енгізу	1997 жылғы Бұл да сол жөніндегі ұлттық Бағалы қағаздар комиссия
---	---

8. Бірқатар сенімді ірі	"-" Бірлескен Бағалы қағаздар
-------------------------	-------------------------------

банктердің еншілес ұйымдарына корпоративтік бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия беру тәртібін әзірлеп, қабылдау	қаулы жөніндегі ұлттық комиссия, Ұлттық Банк
--	--

9. Қазақстан Республикасының " " заңдарына өзгерістер енгізу туралы мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген ұсыныстар әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу: "Азаматтық кодекс (Жалпы бөлім)" "Шаруашылық серіктестіктері туралы" "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"	Заң Бағалы қағаздар жобалары жөніндегі ұлттық комиссия, Әділетмині, Ұлттық Банк, (келісім бойынша) Мемлекеттік салық комитеті
---	--

10. Инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен енгізу	1996 жылғы Президент Желтоқсан Жарлығының мемкомы, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, МИҰҚ
--	---

11. Бағалы қағаздар жөніндегі Халықаралық ұйымға кіру жөніндегі нақты шаралар қабылдау	1997 жылғы Үкімет ақпан қаулысы Қаржымині, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия
---	--

12. АҚШ және Ресей 1997 жылғы Келісім. Бағалы қағаздар
Федерациясының бағалы ақпан - дер жөніндегі ұлттық
қағаздар жөніндегі наурыз комиссия
комиссиялармен шарт
жасасу

13. Қазақстан 1997 жылғы Үкімет Біліммині, Бағалы
Республикасының жоғары екінші қаулысы қағаздар жөніндегі
оқу орындарының жарты ұлттық комиссия
экономика факультет. жылдық
терінде бағалы қағаздар
нарығы үшін білікті
мамандар даярлау жөнінде
мамандандырылған
бөлімшелер ашу жөнінде
нақты шаралар қабылдау

14. Бағалы қағаздар нарығын " _ " Бұл да Бағалы қағаздар
дамытудың ақпараттық сол жөніндегі ұлттық
қамтамасыз ету жүйесін комиссия, Баспасөз
қалыптастыру жөнінде және бұқаралық
нақты шаралар қабылдау ақпарат істері
жөніндегі агенттігі
Ұлттық статистика
агенттігі

15. Бағалы қағаздар 1997 жыл Норматив. Бағалы қағаздар
нарығында инсайдерлік ішінде тік жөніндегі ұлттық
қызметтің пайда актілер комиссия, Бағалы
болуының, бағалы қағаздар рыногы
қағаздар нарығы кәсіпқой
кәсіпқой қатысушыларының қатысушыларының
көпшілікке жария етуге қауымдастығы
болмайтын ақпараттарды
пайдалануын болдырмау
жөніндегі шаралар
қабылдау

Ескерту. Орындаушылар бағанасында бірінші тұрған министрлік, ведомство аталған айдың 15 күніне дейінгі мерзімде Үкімет Аппаратына құжаттың келісілген ж о б а с ы н е н г і з е д і .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК